

ISSN 2224-5308

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Л А Р Ы

ИЗВЕСТИЯ

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

**БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА
СЕРИЯСЫ**



**СЕРИЯ
БИОЛОГИЧЕСКАЯ И МЕДИЦИНСКАЯ**



**SERIES
OF BIOLOGICAL AND MEDICAL**

2 (308)

**НАУРЫЗ – СӘУІР 2015 ж.
МАРТ – АПРЕЛЬ 2015 г.
MARCH – APRIL 2015**

**1963 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫНАН ШЫҒА БАСТАҒАН
ИЗДАЕТСЯ С ЯНВАРЯ 1963 ГОДА
PUBLISHED SINCE JANUARY 1963**

**ЖЫЛЫНА 6 РЕТ ШЫҒАДЫ
ВЫХОДИТ 6 РАЗ В ГОД
PUBLISHED 6 TIMES A YEAR**

**АЛМАТЫ, ҚР ҰҒА
АЛМАТЫ, НАН РК
ALMATY, NAS RK**

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

Ж. А. Арзықұлов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байгулин И.О.** (бас редактордың орынбасары); биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Бишімбаева Н.К.**; мед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Күзденбаева Р.С.**; мед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Рахышев А.Р.**; мед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Ақшолақов С.К.**; мед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Алшынбаев М.К.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Березин В.Э.**; мед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Ботабекова Т.К.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Жамбакин К.Ж.**; мед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қайдарова Д.Р.**; мед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Локшин В.Н.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; мед. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Рахыпбеков Т.К.**

Р е д а к ц и я к е ң е с і:

Абжанов Архат (Бостон, АҚШ); **Абелев С.К.** (Мәскеу, Ресей); **Лось Д.А.** (Мәскеу, Ресей); **Бруно Луненфелд** (Израиль); доктор, проф. **Харун Парлар** (Мюнхен, Германия); философия докторы, проф. **Стефано Перни** (Кардиф, Ұлыбритания); **Саул Пуртон** (Лондон, Ұлыбритания); **Сапарбаев Мурат** (Париж, Франция); **Сарбассов Дос** (Хьюстон, АҚШ); доктор, проф. **Гао Энджун** (Шэньян, ҚХР)

Главный редактор

академик НАН РК

Ж. А. Арзыкулов

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин** (заместитель главного редактора); доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.К. Бишимбаева**; доктор мед. наук, проф., академик НАН РК **Р.С. Кузденбаева**; доктор мед. наук, проф., академик НАН РК **А.Р. Рахишев**, доктор мед. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **С.К. Акшулаков**, доктор мед. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.К. Алчинбаев**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **В.Э. Березин**; доктор мед. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Т.К. Ботабекова**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **К.Ж. Жамбакин**; доктор мед. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.Р. Кайдарова**; доктор мед. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **В.Н. Локшин**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор мед. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Т.К. Рахыпбеков**

Редакционный совет:

Абжанов Архат (Бостон, США); **С.К. Абелев** (Москва, Россия); **Д.А. Лось** (Москва, Россия); **Бруно Луненфельд** (Израиль); доктор, проф. **Харун Парлар** (Мюнхен, Германия); доктор философии, проф. **Стефано Перни** (Кардиф, Великобритания); **Саул Пуртон** (Лондон, Великобритания); **Сапарбаев Мурат** (Париж, Франция); **Сарбассов Дос** (Хьюстон, США); доктор, проф. **Гао Энджун** (Шэньян, КНР)

«Известия НАН РК. Серия биологическая и медицинская». ISSN 2224-5308

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5546-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18,
www.nauka-nanrk.kz / biological-medical.kz

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

Zh.A. Arzykulov,
academician of NAS RK

Editorial board:

N.A. Aitkhozhina, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK (deputy editor); **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **N.K. Bishimbayeva**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.S. Kuzdenbayeva**, dr. med. sc., prof., academician of NAS RK; **A.R. Rakhishev**, dr. med. sc., prof., academician of NAS RK; **S.K. Akshulakov**, dr. med. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.K. Alchinbayev**, dr. med. sc., prof., corr. member of NAS RK; **V.E. Berezin**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **T.K. Botabekova**, dr. med. sc., prof., corr. member of NAS RK; **K.Zh. Zhambakin**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **D.R. Kaidarova**, dr. med. sc., prof., corr. member of NAS RK; **V.N. Lokshin**, dr. med. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **T.K. Rakhypbekov**, dr. med. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

Abzhanov Arkhat (Boston, USA); **S.K. Abelev** (Moscow, Russia); **D.A. Los** (Moscow, Russia); **Bruno Lunenfeld** (Israel); **Harun Parlar**, dr., prof. (Munich, Germany); **Stefano Perni**, dr. phylos., prof. (Cardiff, UK); **Saparbayev Murat** (Paris, France); **Saul Purton** (London, UK); **Sarbassov Dos** (Houston, USA); **Gao Endzhun**, dr., prof. (Shenyang, China)

News of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan. Series of biology and medicine.
ISSN 2224-5308

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of information and archives of the Ministry of culture and information of the Republic of Kazakhstan N 5546-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 300 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,
<http://nauka-nanrk.kz> / biological-medical.kz

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF BIOLOGICAL AND MEDICAL

ISSN 2224-5308

Volume 2, Number 308 (2015), 5 – 9

MEAT PRODUCTIVITY IN DIFFERENT PAIRS OF GENERATIONS OF SOUTH KAZAKHSTAN MERINO KUYIK BREED OF SHEEP

M. A. Eskaraev, A. D. Dauilbai, R. A. Abildaeva

M. Auezov South-Kazakhstan State University, Shymkent, Kazakhstan.

E-mail: rozita.71 @ mail.ru. Amina.dd @ mail.ru

Key words: Polvars, Merino Southern Kazakhstan crossbreeding, fine wool, meat, fat sweat.

Abstract. Influence of selective breeding work aimed at improvement of wool and meatiness productivity was determined by increasing the body weight and the meatiness properties of the southern Kazakh fine-wool Merino kuyik intrabreed type of the mountainous regions of southern Kazakhstan with the help of domestic and foreign breeds of sheep in the results of scientific research.

ӘОЖ 636.933.2:591.5

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚ МЕРИНОСЫНЫҢ КҮЙІК ТҰҚЫМШІЛІК ТИПІ МАЛДАРЫНЫҢ ӘРТҮРЛІ ЖҰПТАУДАҒЫ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ

M. M. Есқараев, А. Д. Дауылбай, Р. А. Абилдаева

M. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

Тірек сөздер: Полварс, Оңтүстік қазақ мериносы, будандастыру, жүн жіңішкелігі, шайыры, ет.

Аннотация. Қазіргі нарықтық экономика жағдайында әртүрлі меншік иелігіндегі мал шаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысатын шаруашылықтардың өнім сапасына өте үлкен мән берілуде. Осыған орай өндірілетін өнімнің нарықтық бәсекеге қабілеттілігін арттыру бүгінгі күннің талабы.

Отанымызда өсірілетін етті-жүнді қой тұқымдарының көптөлділігі салыстырмалы түрде талдасақ төмен және әр саулыққа шаққанда 40 кг мөлшерінде ғана ет өндіруді қамтамасыз етеді. Осыған байланысты қазіргі кезде төлшілдік пен еттілік қасиеттерді ұштастыратын қой тұқымдарын шығару, әр саулықтан алынатын төл саны, олардың еттілігі мен жүн өнімін арттыра отырып, мал шығынын азайту, қой шаруашылығының тиімділігін көтеруге мүмкіндік беретін мал өсіру жүйелерін игеруді керек етеді. Осындай қой тұқымдарына етті-жүнді бағыттағы австралиялық мериносы полварс қойы жатады.

Полварс мериносы қой тұқымының қошқарларын жергілікті Оңтүстік қазақ мериносы саулықтарымен шағылыстыру нәтижесінде алынған ұрпақтарының өнімділігі мен биологиялық ерекшеліктерін зерттеп, оны селекциялық асылдандыру жұмыстары мен өнімділігін арттыруда тиімді пайдалану әдістерін жасап шығару уақыт талабына сай бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Оңтүстік қазақ мериносының күйік тұқымшiлiк типi саулықтарын әртектi жұптаудағы ұрпақтарының өнімділік және биологиялық ерекшеліктерін анықтау, соның негізінде ет және жүн өнімділіктерін жоғарылату және сапасын жақсарту.

Егеменді еліміздің әлемнің ең дамыған 30 елдің қатарына енуі жолында ауылшаруашылығын, оның өнімдер сапасын жақсартудың алда тұрған үлкен міндет екені бәрімізге мәлім. Республика шаруашылықтарында мал тұқымдарының барлық түрлері өсірілді. Солардың ішінде мал шаруашылығынан түсетін өнімді алуда, қой шаруашылығының алатын орны ерекше. Соңғы кезде қой санын көбейтуде, олардың өнімін молайтып, сапасын жоғарылатуда біраз күрделі өзгерістер болуда. Бұрынғы сапасы төмен, аз өнім беретін қылшық жүнді қой тұқымдарынан қазіргі жоғары сапалы, мол өнімді биязы және биязылау жүнді қой шаруашылығы құрылды. Қазіргі кезде жергілікті жердің табиғи-экономикалық жағдайына бейімделген мол өнімді, өсімтал қой тұқымдарын өсіретін, мақсаты мен бағыты айқындалған қой шаруашылықтары пайда болды. Бұдан қысқа мерзімнің ішінде болған үлкен өзгерістер, кездейсоқ ойда жоқта бола салған нәрсе емес. Бұл бүкіл еліміздегі, тіпті, жер жүзіндегі қой сапасының өзгеруінің әсері [1].

Жалпы зерттеу зерзаты ретінде тәжірибелік мал топтары жасақталынды. I-ші топқа австриялық полварс мериносы қошқарларының қатырылған ұрығы және 2,5 жастағы австралиялық полварс мериносы «Яромия» асыл тұқымды зауытынан әкелінген № 228, өнімділік көрсеткіштері: тірідей салмағы 98,0 кг, жүн түсімі 11,8 кг, таза жүн шығымы 6,8 кг, жүннің сапасы 64, талшық ұзындығы 11,0 см; II-ші топта Оңтүстік қазақ мериносының меркі тұқымшiлік типінің 2 бас қошқары, «Меркі» Акционерлік қоғамынан алынған қошқарының өнімділік көрсеткіштері: тірідей салмағы 99,5 кг, жүн түсімі 11,3 кг, таза жүн шығымы 6,57 кг, жүннің сапасы 60, талшық ұзындығы 10,5 см; ал III-ші топқа Оңтүстік қазақ мериносының күйік тұқымшiлік типінің 2 бас қошқары пайдаланылды, өнімділік көрсеткіштері: тірідей салмағы 97,0 кг, жүн түсімі 9,7 кг, таза жүн шығымы 5,74 кг, жүннің сапасы 60, талшық ұзындығы 10,5 см.

Қозы еті диеталық және жеңіл тағам ретінде ерекше бағаланады. Себебі, қозы етінің құрамында холестерин аз болғандықтан оны адам ағзасы жеңіл қорытады және тез сіңіреді. Сондықтан еркек қозыларды арнайы бордақылап енесінен бөлінген соң етке өткізу шаруашылыққа экономикалық тұрғыдан тиімді әрі құнды өнім қозы еті өндірудің негізгі көзі болып табылады (1-кесте).

1-кесте – 8 айлық еркек қозылардың өнімділік ерекшеліктері (n = 4; $\Sigma_n = 12$)

Көрсеткіштер	Топтар		
	I	II	III
Тірідей салмағы, кг	37,25	34,80	34,17
Ұшаның салмағы, кг	16,7	15,0	14,5
Ұшаның шығымы, %	44,8	43,1	42,4
Іш май шығымы	3,9	1,9	1,7
Сойыс шығымы, %	48,7	45,0	44,1

1-кестеде әр түрлі жұптау барысында алынған төлдердің 8 айлық мерзіміндегі яғни жайылымда жүрген уақыттағы ет өнімділігі көрсетілді.

8 айлық мерзім кезіндегі олардың еттілік қасиетін анықтау үшін әр топтан 4 бастан еркек қозыларды іріктеп алып, сойыс және еттілік көрсеткіштерін анықтадық.

Сойыс көрсеткіштері бойынша топтар арасында айтарлықтай айырмашылығы бары анықталды. Мысалы, I топтағы еркек қозылардың сойыс салмағы II және III топтағы қозылардан 2,45-3,08 кг артық болды. Ұша шығымы бойынша да I топ будандарының басқаларына қарағанда 1,7-2,2 %-ға артықшылығы байқалады.

Сонымен, сойыс көрсеткіштері бойынша полварс мериносы ұрпақтарының ет жинақтау қасиеттері жыл басынан бастап жақсы дамитындығын, жоғары ет өнімділігімен сипатталатынын көрсетеді.

Тәжірибе малдарының еттік сапасын, өнімділігін анықтау мақсатында әр топтан 4 бастан тоқтылар алынып, бақылау-сою жүргізілді.

12 айлық тоқтылар тәжірибелік отарлардан жайылымдық жағдайда алынды. Содан соң бұл малдарды Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының зертханасында сойып, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Барлық малдардан бірінші дәрежелі жоғарғы қондылықтағы ет ұшалары алынды.

А. В. Метлицкий зерттеу нәтижелерінде 1,5 жасар Оңтүстік қазақ меринос қошқарларының сойыс шығымы 46,86 %, ал жоғары ет өнімділікті № 8033 қошқар аталық ізінде 49,34 % болған [2].

Тәжірибедегі малдардың барлық сойыс өнімдер шығымы бойынша таза қанды полварс зауыттық генотипті будан қошқарлардың көрсеткіштері жоғары, ал Меркі зауыттық генотипті малдардың көрсеткіштері де жақсы деуге болады (2-кесте).

2-кесте – 12 айлық тоқтыларды бақылау үшін сою нәтижелері (n = 4; $\Sigma_n = 12$)

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Топтар		
		I	II	III
Сойыс алдындағы тірідей салмағы	кг	53,9	52,0	51,4
Ұшаның салмағы	кг	25,3	23,8	23,3
Ұшаның шығымы	%	46,9	45,8	45,3
Іш май шығымы	%	1,22	1,00	1,2
Сойыс шығымы	%	48,1	46,8	46,5
Қосымша өнімдер шығымы	%	10,9	11,1	11,2
Барлық сойыс өнімдері	кг	31,8	30,1	29,6
Барлық сойыс өнімдерінің шығымы	%	59,0	57,9	57,0

2-кестеден және көріп отырғанымыздай австралиялық полварс зауыттық генотипті қошқарлар будандарының көрсеткіштері барлық параметрлер бойынша басқа зауыттық генотипті қошқарларға қарағанда жоғары.

Соляр алдындағы тірі салмағы, полварс генотипті малдарда II және III топ малдарына қарағанда 1,90-2,5 кг-ға немесе 3,65-4,8 %-ға басымдылық танытты. Ал ұша салмағы бойынша 1,5-2,0 кг-ға немесе 6,3 және 8,6 %-ға артық болды.

Сойыс шығымы бойынша басымдылық I-ші топтағы мал болды. Олар III топтан 1,6 %-ға, II топтан 1,3 %-ға артық. Көріп отырғанымыздай, ең төмен сойыс шығымы 45,3 % күйік зауыттық генотипті малдарда болды. Бірақ бұлардың арасындағы айырмашылығы айтарлықтай болмады. II топ будандарының іш май жинау қасиеті төмен, іш май шығымы 1,00 % болды. Бір деңгейде азықтандыру жағдайында, I топ малдарының басқа топтармен салыстырғандағы ет өнімділік сапасы жоғары болады.

Ұшаның морфологиялық және химиялық құрамы. Қойлардың ет өнімділігіне толық сипаттама беру үшін ет ұшасының ет пен сүйек салмағын білудің маңызы зор. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, ұша бөліктерінің ара салмағы ауыл шаруашылығы малдарында шығу тегіне байланысты әртүрлі болады. Тез жетілгіш тұқым малдарының еттік проценті жоғары, ал сүйек үлесі төмен (2-кесте).

3-кестеде көрсетілгендей, зерттеудегі I топ таза қанды полварс қошқарларының ет салмағының шығымы жоғары болды. Мұндағы көрсеткіштер III топтан 12,8 % және II топтан 9,0 %-ға артық.

3-кесте – 12 айлық еркек тоқтылардың ет пен сүйек қатынасы (пайыз есебімен)

Көрсеткіштер	Топтар		
	I	II	III
Ұша салмағы, кг	25,3	23,8	23,3
Сүйек	4,3	4,7	5,0
Ет	21,0	19,1	18,38
Ұша салмағының шығымы,%			
Сүйек	17,0	19,7	21,4
Ет	83,0	80,3	78,6
Еттік коэффициент	4,88	4,06	3,7

Ескеретін жайт, III топ малдарының сүйек бөлігінің жақсы дамып, жетілуі арқасында сүйек шығымы 21,4 % болды. Ал сүйек шығымы I топ малдарында ең аз болды 17,0 %, соның арқасында ет шығымы 83,0 %-ға жетті. Сөйтіп полварс қанды еркек тоқтылардың еттілік коэффициенті басқа топтардан басым болып шықты. Бұл белгі бойынша I топ малдары III және II топ будандарынан 24,2 және 16,8 %-ға артық болып отыр.

Ұшаның морфологиялық құрамы мен еттік коэффициенті көрсеткіштері бойынша I топ малдары күйік және меркі типті малдарынан жоғары деңгейде. Ұшаның сойыс салмағы, сойыс шығымы мен морфологиялық құрамы малдың еттік сапасына сандық сипаттама ғана береді (3-кесте).

4-кесте – Ұша етінің химиялық құрамы (пайыз есебімен)

Көрсеткіштер	Топтар		
	I	II	III
Су	61,52	63,71	65,96
Май	19,83	18,79	17,10
Протеин	17,61	16,52	16,00
Күл	1,04	0,98	0,94
1 кг еттегі МДж	11,52	10,81	10,02

3-кестеде байқағанымыздай, күйік типті малдардың етінің құрамында су мөлшері I және II топ малдарына қарағанда 4,44-2,25 %-ға көп, ал еттегі май мөлшері (17,10 %) басқа мал топтарымен салыстырғанда аз болды.

I топ малдарының етінде протеин мөлшері көп болды 17,61 %. Сондай-ақ, бұл топ малдары еттерінің азықтық бағалылығы күйік типті III топ малдарынан 1,5 МДЖ немесе 13,0 %-ға, II топ қошқарларынан 0,71 МДЖ немесе 7,3 %-ға басым.

Сонымен, шетелдік австралиялық полварс мериносы және отандық Оңтүстік қазақ меринос тұқымының меркі және күйік тұқымішілік типтері препотенттік қошқарларды пайдалана отырып, Оңтүстік қазақ мериносы қой тұқымының өнімділігін жетілдіру мақсатында жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары алынған нәтижелері негізінде төмендегідей қорытындылар жасалды [3, 4]:

I-ші жұптаудан алынған қозылардың туған кездегі орташа тірідей салмағы 5,3 кг еркек, 4,8 кг ұрғашы қозыларда болып, бұл көрсеткіштер II және III топтағы төлдерден 0,5-0,7 кг еркек қозыларда, 0,5-0,7 кг ұрғашы қозыларда артық, ал 12 ай мерзімінде бұл көрсеткіш тиісінше 1,5-2,0 кг; 3,0-3,5 кг құрап, бұл басымдылық малдардың 1,5 жасар кезінде де сақталынды.

Сойыс шығымы бойынша басымдылық I-ші мал топтарында болды. Олар III топ қошқарларынан 1,6 %-ға, II топ малдарынан 1,3 %-ға артық. Көріп отырғанымыздай, ең төмен сойыс шығымы 45,3 % күйік зауыттық генотипті малдарда болды. Сойыс өнімдері шығымы бойынша австралияның полварс қошқарларынан алынған будандар көрсеткіштері жоғары екені анықталды. Олар II топтан 5,3 %-ға, III топтан 6,9 %-ға артық болды.

Сондықтан, Оңтүстік қазақ мериносының өнімділігін одан әрі жетілдіріп, оның экономикалық тиімділігін арттырып, нарықтық заман талабына сай келетін малдарды өсіру үшін, шетелдік австралиялық полварс мериносы және отандық меркі тұқымішілік типі нәсілдік қасиеттері жоғары асыл тұқымды қошқарларды пайдалану ұсынылады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Петров А.И., Метлицкий А.В., Берус В.К. Влияние методов подбора на развитие некоторых признаков у австрало-южноказахских помесей // Информ. листок КазНИИТИ. – Алма-Ата, 1976. – № 520. – С. 5.
- [2] Метлицкий А.В. Резервы повышения мясной и шерстной продуктивности овец кавказской породы // Повышение шерстяной и мясной продуктивности тонкорунных и полутонкорунных овец. – М., 1986. – С. 79-82.
- [3] Есқара М.А., Абдраманов К., Аккулов Г. Перспективность генетического совершенствования продуктивных качеств овец парода южно-казахский меринос на юге Казахстана // Матер. межд. науч.-прак. конф., посв. 100-летию К. Мынбаеву. – Алматы: Бастау, 2006. – С. 114-121.
- [4] Әбішев Б., Кенжебаев Т.Е., Жомартов А.М., Қонаева С. Қазақтың арқар мериносы қойларының жүн өнімділігі // Жаршы. – Алматы: Бастау, 2003. – № 11. – 13-16 бб.

REFERENCES

- [1] Petrov A.I., Metlickij A.V., Berus V.K. Influence on the development of methods for the selection of certain traits in Australian-South Kazakh hybrids // Inform. Paper of KazNIINTI. – Alma-Ata, 1976. N 520. – P. 5. (in Russ.).
- [2] Metlickij A.V. Reserves of meat and wool productivity of sheep Caucasian breed // Increase wool and meat productivity of fine-wool and semi-fine-wool sheeps. – M., 1986. – P. 79-82. (in Russ.).
- [3] Eskara M.A., Abdramanov K., Akkulov G The prospect of genetic improvement of productive qualities of sheep parode South Kazakh merino in southern Kazakhstan // Mater. Int. Scientific-prac. Conf. is dedicated to 100th anniversary of K. Mynbayev. –Almaty: Bastau, 2006. – P. 114-121. (in Russ.).
- [4] Abishov B., Kenzhebayev T.E., Zhomartov A.M., Konayeva S. Kazakh sheep merino sheep wool productivity // Zharshy. – Almaty: Bastau, 2003. N 11. – P. 13-16. (in Kaz.).

**МЯСОПРОИЗВОДИТЕЛЬНОСТЬ В РАЗНЫХ ПАРАХ ПОКОЛЕНИЯ
ЮЖНО-КАЗАХСКИХ МЕРИНОСНО-КУЮКСКИХ ВНУТРИПОРОДНЫХ ОВЕЦ**

М. М. Есқараев, А. Д. Дауылбай, А. Р. Абилдаева

Южно-Казахстанский Государственный университет им. М. Ауезова

Ключевые слова: полварс, меринос Южного Казахстана, скрещивания, тонкость шерсти, мясо, жиропотность.

Аннотация. Влияние селекционно-племенных работ, направленных на увеличение продуктивности шерсти и мясистости было определено при повышении живого веса и свойств мясистости тонкорунных южных казахских мериносов внутривидового типа куйик в горных районах Южного Казахстана с помощью отечественных и зарубежных пород баранов.

Поступила 20.03.2015 г.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

biological-medical.kz

Редактор *М. С. Ахметова*

Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 26.03.2015.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.

7,2 п.л. Тираж 300. Заказ 2.